ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ДЕПОЗИТТЕР НАРЫҒЫНА ШОЛУ
2026 жылдың III-тоқсаны үшін


Халық депозиттері нарығының даму барысы

Елімізде 2026 жылдың 3-тоқсанында қалыптасқан экономикалық ахуал халық салымдарының өсуіне оң әсер етті. Тарқатып айтар болсақ, Жалпы Ішкі өнімнің (ЖІӨ) өсуі, ол алдын ала деректер бойынша 9 ай ішінде 4,2%-ға жоғарылады[1], инфляция деңгейінің қыркүйекте 9,3%-ға дейін бәсеңдеуі (2025 жылдың қыркүйегімен салыстырғанда -3,6 пайыздық тармақ (п.т.) [2] және ұлттық валюта бағамының нығаюы салымдардың артуына септігін тигізді. Ал керісінше тежеуші факторларға тоқталар болсақ, бірінші орында – халықтың тұтыну шығындары. Олар азаматтардың барлық ақшалай шығындарының 90,7%-ын құрайды. Оның ішінде 50,5%[3]-ы азық-түлікке жұмсалады. Бұл әрине, салымшылардың ақша жинау мүмкіндігін шектейді. Соған қарамастан, депозиттер бойынша өте тартымды сыйақылар оларды ақша жинауға ынталандыруда. Осылайша депозиттер бір жағы жаңа салымдардың ашылуы, екінші жағынан пайыздардың капиталдануы арқасында өсе түсуде. Нәтижесінде депозиттердің көлемі 3-тоқсанда 1,8%-ға өсіп (+546,9 млрд теңге), 30,6 трлн теңгені құрады *(1-сурет)*.


Инфляция төмендеп жатқан шақта да, теңгелік салымдардың тартымдылығы сақталуда. Үшінші тоқсанда теңгелік салымдардың көлемі 1,0 трлн теңгеден астамға ұлғайды (тоқсан ішінде +4,3%), ал валюталық салымдар керісінше 0,5 трлн теңгеге қысқарды (тоқсан ішінде -8,3%) *(2-сурет)*. Инфляция бәсеңдеп жатқан шақта, бағалардың өсуін шегеріп тастағанда теңгелік салымдардың табыстылығы едәуір өсті. Олар жинақ ақшаны құнсыздануан қорғау құралы ғана емес, нақты табыс көзіне айналды. Депозит нарығының жылдық өсімі 15,9%-ды (+4,2 трлн теңге) құрады. Бұл ретте тек қана теңгелік салымдардың өсімі сол кезеңде 22,8%-ға (+4,7 трлн теңге) жетті. Бұл салымшылардың осы қаржы құралына деген қызығушылығын тағы бір дәлелдей түседі.

Халықтың валюталық депозиттерінің көлемі тұрақты – оның құбылуы көп жағдайда бағамдық қайта бағалауға байланысты. Үшінші тоқсанда ұлттық валютаның нығаюы одан әрі жалғасқандықтан, шетел валютасындағы салымдардың көлемі теңгелік баламада 0,5 трлн теңгеге (-8,3%) төмендеді *(2-сурет)*. Ал бағамдық айырмашылықты есепке алмайтын болсақ, олардың көлемі долларлық баламада бар болғаны 1,4%-ға өсті *(3-сурет)*. Соңғы 4 жыл ішінде валюталық депозиттерге деген сұраныс тұрақты сақталуда. Бірден көбейіп кету немесе азайып кету деген жоқ. Мұндай салымдарға деген сұраныстың себептері айқын: біреулер үшін бұл ықтимал қауіп-қатерлерді әртараптандыру арқылы залалсыздандыру болса, екінші біреулер үшін – бағамдық айырмашылық бойынша табыс табу.


1-сурет. Қолайлы экономикалық жағдай аясында халық депозиттері өсуін жалғастыруда



2-сурет. Депозиттік базаның тоқсандық өсімі теңгелік салымдардың өсуімен қамтамасыз етілді



3-сурет. Валюталық салымдардың серпіні тұрақты




[1] «Өндіріс әдісімен есептелген жалпы ішкі өнім (2026 жылғы қаңтар-қыркүйек (жедел деректер бойынша))», 16 қараша, 2026 ж., Ұлттық статистика бюросы, https://stat.gov.kz/industries/economy/national-accounts/publications/521245/

[2] «Қазақстан Республикасындағы инфляция туралы (2026 жылғы қыркүйек)», 01 қазан, 2026 ж., «Қазақстан Республикасындағы инфляция туралы (2025 жылғы қыркүйек)», Ұлттық статистика бюросы, https://stat.gov.kz/industries/economy/prices/publications/517827/, https://stat.gov.kz/industries/economy/prices/publications/447087/

[3] «Қазақстан Республикасы халқының шығыстары мен табыстары (2026 жылғы II тоқсан)», 28 қыркүйек, 2026ж., Ұлттық статистика бюросы, https://stat.gov.kz/industries/labor-and-income/stat-life/publications/517525/

Валюталық базаның тұрақтылығы және бір мезетте теңгелік салымдардың өсуі аясында долларлану деңгейі тағы бір тарихи минимумды жаңартып, тоқсан ішінде 1,9 п.т.-қа түсіп, 17,9%-ды құрады. Валюталық салымдардың үлесінің азаюы депозиттердің барлық сегменттерінде байқалуда[4]. Әсіресе ірі сегментте көзге түсті. Бұған бағамдық қайта бағалау себеп болды, ол 3-тоқсанда 4,5 п.т.-қа қайта бағаланды *(4-сурет)*. Ал бұқаралық және орта сегменттерде долларлану деңгейі бірқалыпты төмендеді. Өйткені бұл сегменттерде валюталық салымдардың көлемі шамалы болса да толығып жатты.


4-сурет. Долларлану деңгейі барлық сегментте төмендеді




Депозиттерді депозиттер бойынша орналастыру құрылымы

Бұқаралық сегмент жеке тұлғаларға тиесілі депозит нарығының негізі болып қалуда. Бұл ретте оның басты қозғаушы күштері – орта және ірі сегменттер. Депозит қоржынының құрылымы әр сегментінде өзінің тұрақтылығын сақтауда: оның өзегі – бұқаралық сегмент – депозиттердің барлық валютадағы жалпы жиынтық көлемінің – 48,4%-ын құрайды. Бұл ретте депозит қоржынының теңгелік бөлігінің басым бөлігі, яғни 53,6%-ы – осы бұқаралық сегментте. Ал валюталық бөлігінің басым бөлігі, яғни 60,2%-ы әдеттегідей ірі сегментке тиесілі *(5-сурет)*. Бұл ретте 3-тоқсанда депозит базасының нақты жиынтық өсімі тек орта және ірі сегменттерде байқалды (*6-сурет*).

5-сурет. Бұқаралық сегмент нарықтың негізін қалайды, ал ірі сегмент валюталық бөлікте басымдыққа ие



6-сурет. Депозит нарығында негізгі түсімді орта және ірі сегмент қамтамасыз етті



Салымдарды мерзімділік өлшемшарты бойынша орналастыру құрылымы[5]

Мерзімсіз салымдар – халықтың жинақ ақшасының негізі. Олар жоғары өтімділігінің, икемділігінің арқасында танымал қаржы құралы болып қалуда. Мұндай салымдар есеп айырысу шоттарының рөлін орындай отырып, кез келген уақытта салымды толықтыруға және одан ақша алуға мүмкіндік береді. Ал сыйақы әсте жойылмайды. Үшінші тоқсанда мерзімсіз салымдардың көлемі 1,2%-ға қысқарды. Бірақ бұған оның тек валюталық бөлігінің бағамдық қайта бағалануы себеп болды. Бұл ретте мерзімсіз салымдардың теңгелік бөлігінде таза өсім 2,7%-ды құрады. Нәтижесінде мерзімсіз салымдар әлі де

[4] Бұқаралық сегмент – қалдық ақшасы 15 млн теңгеге дейін болатын депозиттер; орта сегмент – қалдық ақшасы 15 млн теңгеден 50 млн теңгеге дейін болатын депозиттер; ірі сегмент – қалдық ақшасы 50 млн теңгеден асатын депозиттер

[5] Депозиттерді жіктеу «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 25 тамыздағы № 25 шешімімен бекітілген, Жеке тұлғалардың ұлттық және шетел валюталарында жаңадан тартылған салымдары бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті мөлшерлерін анықтау және белгілеу әдістемесіне сәйкес келтірілді, https://kdif.kz/kz/reward-rates

жеке тұлғаларға тиесілі салымдық қоржынның негізгі бөлігін құрайды және үлес салмағы – 46,7% *(7-сурет)*.


Мерзімді және жинақ салымдардың өсуі инфляция бесеңдеп жатқан шақта салымшылардың жоғары нақты табыстылыққа қол жеткізуге ұмтылып жатқандығын көрсетеді. Мерзімді салымдар ең тез дамып келе жатқан салым түріне айналды: осы тоқсанның ішінде олардың көлемі 787,6 млрд теңгеге (+13,8%) ұлғайды. Жинақ салымдар өсу қарқыны бойынша екінші орында келеді. Олар тоқсан ішінде 134,2 млрд теңгеге (+5,3%) өсті. Нәтижесінде жеке тұлғаларға тиесілі депозит қоржынында тұрақты ақша қорының үлесі 33,8%-ға жетті (*7-сурет*). Мұндай салымдардың мұншалықты танымал болуының себебі олардың табыстылығының жоғары болуы: салымшылар қазір осы табыстылыққа қол жеткізу үшін осындай салымдардың мерзімінен бұрын алуға қатысты қатаң талапшарттарын да қабылдауға дайын. Өйткені арзиды: есесіне жоғары табыстылыққа қол жеткізеді. Инфляция деңгейі төмендеп жатқан шақта бағалардың өсуін шегеріп тастағанда мұндай қаржы құралдарының табыстылығы өсуде. Салымшылар үшін оң спредтің өсуі бұған айқын дәлел бола алады (*8-сурет*). Банктер өз кезегінде қазір банкаралық бәсекелестік күшейіп жатқан кезде өздерінің ресурстық базаларының болжамдығы мен тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін халықтан жоғары пайыздық шығынға қаражат қабылдауға дайын.

Сыйақы мөлшерлемелері

Ұлттық Банктің монетарлық саясатының жұмсаруы сигналдың біртіндеп халықтың депозит нарығына трансмиссиялану процесін іске қосты. Сыйақы мөлшерлемелерінің төмендеуін паш ететін алғашқы толқынды қаржы реттеушісі маусым айында таратқан болатын. Кейін 3-тоқсан барысында базалық мөлшерлеме төмендеу жағына қарай екі рет қайта қаралды. Базалық мөлшерлеменің жүйелі түрде төмендеуі нарыққа әрі қарай енді не істеу керектігі туралы нақты белгі еді: сол-ақ екен, банктер оған өздерінің депозиттері бойынша табыстылықты түзету арқылы жауап берді. Өйткені мұндай жағдайда пайыздық шығындарды оңтайландырмаса болмайтыны анық.


Сонымен монетарлық сигналдың депозиттер бойынша мөлшерлемелерге ықпалы біркелкі болған жоқ. Бұл салымдардың түрлеріне қарай, пайыздық мөлшерлемелердің икемділігі әрқалай екендігін білдірді. Мерзімсіз салымдардың сезімталдығы ең төмен болып шықты. Өйткені ақша-несие саясатын жұмсарту кезеңіне өту барысында олардың табыстылығы онсыз да базалық мөлшерлемеден төмен болатын. Жекелеген банктер өздерінің сыйақы мөлшерлемелеріне түзету жүргізді, алайда бұл өзгерістер жаппай сипат алған жоқ және жалпы нарықтық жағдаятқа анау айтқандай әсер етпеді – 3-тоқсанда мерзімсіз салымдар бойынша орташа өлшемді мөлшерлеме бар болғаны 0,1 п.т.-қа ғана төмендеді. Ал мерзімді және жинақ салымдар бойынша талапшарттарды қайта қарау айрықша байқалды. Өйткені банктер бірінші кезекте едәуір қымбат қаржы құралдары бойынша пайыздық шығындарды оңтайландыруға тырысты. Нәтижесінде нарықта ең жоғары табысты қаржы құралдары болып табылатын мерзімді және жинақ салымдар базалық мөлшерлеменің төмендегеніне әсіресе 12 айға дейінгі қысқа мерзімді сегментте бірінші болып жауап берді. Айталық, мерзімі 1-6 айды құрайтын, анағұрлым танымал мерзімді және жинақ салымдар бойынша орташа өлшемді мөлшерлемелер осы

7-сурет. Мерзімді және жинақ салымдар банктердің бөлшек саудалық ақшалай қорының үштен бірін құрайды*




** депозиттердің сыныптамасы ҚДКБҚ Әдістемесіне сәйкес келтірілген*

8-сурет. Инфляцияны шегергенде, депозиттердің табыстылығы жоғарылады



9-сурет. Салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемелері базалық мөлшерлемеден кейін артынша төмендеді



тоқсан ішінде толықтыру құқығы бар салымдар үшін 0,7 п.т.-қа, ал толықтыру құқығы жоқ салымдар үшін 0,5 п.т.-қа төмендеді (*9-сурет*).

Ұлттық Банктің ақша-несие саясатының трансмиссиясы жеке тұлғаларға тиесілі депозит нарығына мезгілдік кешуілмен тасымалданды. Бұл объективті сипатқа ие. Мұны банктердің өз клиенттерін сақтап қалуға және депозиттері бойынша табыстылықты күрт өзгертіп, аяқ астынан өтімділігінен айырылып қалмауға жол бермеуге ұмтылуымен түсіндіруге болады: бәсекелестік кезінде банктер нарықтағы басқа ойыншыларға қарай отырып, табыстылықты бірден емес, біртіндеп түзетуді жөн санайды. Соның нәтижесінде депозиттік мөлшерлемелердің төмендеу қарқыны базалық мөлшерлемеге қарағанда баяу қозғалды. Бұл базалық мөлшерлеме мен мерзімсіз депозиттер бойынша мөлшерлемелер арасында теріс айырмашылықтың қысқаруына және мерзімді/жинақ салымдар бойынша табыстылық дифференциалының артуына әкеп соқты (*10-сурет*). Соның арқасында нарықта салымшылар үшін тартымды табыстылықты тиянақтап алуға қолайлы мүмкіндік туындап отыр. Айталық, 3-тоқсанның қорытындысы бойынша орташа өлшемді нарықтық мөлшерлемелер мына келесі деңгейлерде тұрақтады:

терзімсіз салымдар – 15,1%;

толықтыру құқығы бар, мерзімі 1-6 айлық мерзімді/жинақ салымдар – 18,6%;


толықтыру құқығы бар, мерзімі 6-12 айлық мерзімді/жинақ салымдар – 15,1%;

толықтыру құқығы жоқ, мерзімі 1-6 айлық мерзімді/жинақ салымдар – 18,0%;

толықтыру құқығы жоқ, мерзімі 6-12 айлық мерзімді/жинақ салымдар – 15,3%.

2026 жылдың 3-тоқсанын қорытындылайтын болсақ, жеке тұлғаларға тиесілі депозит нарығының тұрақтылығы сақталды. Ол ішкі және сыртқы экономикалық дүмпулердің жоқтығының арқасында дамуын жалғастыруда. Банкаралық бәсекелестік жағдайында, тіпті базалық мөлшерлеменің төмендеуі аясында банктер өздерінің депозиттік өнімдері бойынша халыққа жоғары табыстылық ұсынуға дайын екендіктерін көрсетті. Ал салымшылар болса, өз кезегінде банк жүйесіне деген сенімдерін сақтап, теңгелік шоттарындағы ақшаларын белсене арттыруды одан әрі жалғастыруда. Ұлттық валютадағы жинақ ақшалардың жоғары тартымдылығы әрі теңге бағамының нығаюы жеке тұлғалардың салымдық қоржынының долларлану деңгейін тағы бір тарихи минимумға төмендетті. Нарықтың алдағы келешегі монетарлық талапшарттардың болжамдығымен айқындала түспек. Ұлттық Банк 2026 жылдың 23 қазанында базалық мөлшерлемені төмендету бойынша кезекті шешімін қабылдады. Бұл ретте қаржы реттеушісі оны енді жыл соңына дейін өзгерту ықтималдығы төмен екендігін атап өтті[6]. Осыны ескере отырып, жеке тұлғаларға тиесілі салымдардың инвестициялық қаржы құралы ретіндегі тартымдылығы жыл соңына дейін сақталады деп болжам жасауға болады. Алдағы желтоқсан айында өтімділіктің дәстүрлі маусымдық түсімі болатындығын есепке алар болсақ, бұл жағдай қазақстандық халық депозиттері нарығы үшін 2026 жылдың табысты аяқталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

10-сурет. Тіпті түзетулерді есепке алғанның өзінде депозиттер жоғары табыстылығын сақтады



[6] https://nationalbank.kz/kz/news/press-relizy/20503